

«6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Қырбасова Эльзира Артыкбаевнаның «Болашақ биологтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану («Дәрілік өсімдіктер және олардың қоры» элективті пән тәжірибесінде)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Қазіргі білім беру кеңістігінде кәсіби-құзыретті мамандарды даярлау міндеті ерекше өзекті болып табылады. Кәсіби-құзыретті маман өз қызметінің мақсатын қоя біледі, оларға қол жеткізудің жолдары мен құралдарын анықтайды, оны іске асыруда жауапты болып табылады.

Бүгінгі «ақпараттық ғасыр» уақытында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегінің жоғары оқу орындарында мамандарды толыққанды даярлау, әсіресе АКТ құралдарынсыз кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мүмкін емес.

Осыған орай, Қырбасова Эльзираның диссертациялық жұмысының тақырыбын: «Болашақ биологтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану («Дәрілік өсімдіктер және олардың қоры» элективті пән тәжірибесінде)» деп таңдауы білім берудегі өзекті мәселелердің бірі – кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың шешімін табуда жасалған жұмыстардың бірі болып табылады.

Қырбасова Эльзираның зерттеу жұмысында ұсынылған болжамын тексеру және оның нәтижесін талдау бойынша экспериментальды жұмысын сауатты жүргізуіне докторанттың теориялық дайындығы мен жоғары методологиялық сауаттылығы және жоғары оқу орнындағы оқытушылық тәжірибесі өз көмегін тигізді.

Диссертациялық зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы алынған нәтижелерді кәсіби биология мамандығын даярлайтын жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде қолдану мүмкіндігімен анықталады.

Диссертациялық жұмыста *Aegorodium L.* туысына жататын дәрілік өсімдіктердің биологиялық және фитохимиялық ерекшеліктерін зерттеуде қолданылатын заманауи ақпараттық-коммуникациялық технология көмегімен болашақ биологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі нақты шешімін таба білген.

Оқу үдерістерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы ұйымдастырудың оқу-әдістемелік кешеніне қойылатын талаптар сан қырлы. Олар оқу мазмұнының барлық дидактикалық талаптарына сәйкес болуы керек: қысқа, нақты, қолжетімді, тұрақты және студенттердің оқу материалын толық меңгеруін қамтамасыз етуі қажет.

Оқу үдерісінде пайдаланылатын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бірі – электрондық оқулықтар мен оқу құралдары.

Осыған байланысты, «Дәрілік өсімдіктер және оның қоры» электронды оқу құралы құрастырылды. Бұл электронды оқу құралы 5B060700-Биология

мамандығының бакалаврларында өтілетін «Дәрілік өсімдіктер» және 6M011300-Биология мамандығының магистранттары оқитын «Дәрілік өсімдіктер және олардың қоры» пәндерін жүргізуге арналған.

Соңғы жылдары биологиялық зерттеулердің көбі молекулалық деңгейде жүргізіледі, яғни тірі ағзалардың ДНҚ мен аминқышқылдарының бірізділіктерін анықтаумен байланысты. Осыдан алынған нәтижелердің барлығы EMBL, GenBank, DDBJ, SWISS-PROT, PIR және т.б. сияқты деректер базасында сақталады. Бұлардың барлығы және осы базалармен жұмыс жасауға арналған бағдарламалар ағылшын тілінде және білім алушылардың қолдануына күрделі болуына байланысты қазақ тілінде «Биологиялық деректер базасы және BLAST бағдарламасымен жұмыс істеу әдістемесі» оқу-әдістемелік нұсқаулығы дайындалды. Аталған нұсқаулық бүгінгі күні биология мамандығының бакалаврлары магистранттары және докторанттары үшін де қажетті құралдардың бірі деп санаймыз.

Докторанттың зерттеу жұмысының барысында дайындаған «Дәрілік өсімдіктер және оның қоры» электронды оқу құралы мен «Биологиялық деректер базасы және BLAST бағдарламасымен жұмыс істеу әдістемесі» оқу-әдістемелік нұсқаулығын оқу үдерісінде пайдалану болашақ биолог мамандарын даярлауда тәжірибе жүзінде педагогикалық тиімділігін көрсетті.

Үш жылдық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде алынған және диссертацияда талқыланған эксперименттік материалдар, олардың толық талдауы алға қойылған мақсаттар мен міндеттердің орындалғанына, қорғауға ұсынылған қағидалардың дәлелденгеніне негіздеме береді.

Кырбасова Эльзираның «6D011300-Биология» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысы жоғары деңгейде орындалған, аяқталған ғылыми кәсіби жұмыс болып табылады, PhD доктор дәрежесін алу диссертацияларына қойылатын талаптарға сай және автор философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындауға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесшісі
п.ғ.д., профессор



С.М. Кенесбаев